

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 19/220-VI "Шығыс Қазақстан облысының қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 9/76-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 желтоқсанда № 8936-16 болып тіркелді. Күші жойылды -Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 сәуірдегі № 20/171-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 09.04.2025 № 20/171-VIII шешімімен (2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс).

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 19/220-VI "Шығыс Қазақстан облысының қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5626 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелерін көтеру туралы";

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері 1-қосымшаға сәйкес көтерілсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Д. Рыпаков